

ӘОЖ 77.29.30

COVID-19 ӘЛЕМДІК ПАНДЕМИЯ УАҚЫТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙЫНЫНЫҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ

Қожанәсіп Аңсаған¹, Тұңғышмұратов Талап²
tungishmuratova@gmail.com

¹Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 3 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²Б. Шалғынбаев атындағы № 217 ІТ-мектеп-лицейінің мұғалімі, Қызылорда, Қазақстан
Ғылыми жетекші – аға оқытушы Л.С. Тұңғышмұратова

COVID-19 пандемиясы денсаулық сақтау, қоғам мен экономика салаларына ғана теріс ықпал еткен жоқ, сонымен қатар әлемдік спорт күнтізбесіне айтарлықтай кесірін тигізді: көптеген ағымдағы және жоспарланған спорттық жарыстар кейінге шегерілді немесе мүлдем тоқтатылды. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының кеңесі бойынша вирустың таралуын тоқтату және көптеген адамдардың бір орында жиналуына жол бермеу үшін барлық континенттердегі көптеген кәсіби және әуесқой лигалар бұрын-соңды болмаған осындай қадамдар жасауына тура келді. COVID-19 вирусы таралуының спортқа кері әсер ету ауқымы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін орын алған әлемдік масштабты оқиға болды [1].

Аталған әлемдік пандемияға байланысты қоғамның көптеген салалары өз қызметтерін онлайн режимге ауыстыруларына тура келді және бұл үрдіс кей салада әлі күнге дейін жалғасуда. Қалыптасқан жағдайды ескере отырып әлемді жаулаған індеттің таралуына жол бермеу және ұлттық спорт түрінің халық арасында танымалдылығын, қолжетімділігін арттыру мақсатында тоғызқұмалақ ойынының онлайн жүйесі пайда болды. Төрт мың жылдық тарихы бар бірегей ұлттық ойынымыздың еліміз тәуелсіздігін алған 30 жыл ішінде жоғары деңгейде дамуы мен өзінің әлемдік имиджін қалыптастыруына Дүниежүзілік Тоғызқұмалақ федерациясы мен Қазақстан Республикасы Тоғызқұмалақ спорты федерациясының атқарып отырған жұмыстары орасан зор екендігін атап өте келе, тоғызқұмалақ ойынының онлайн режимдегі нұсқасы тоғызқұмалақ спортшылары мен бұқаралық қызығушылық танытушылары үшін маңызды оқиға болғандығына көз жеткізуге болады. Тоғызқұмалақ ойыны playok.com және iggamecenter.com сайтында өтеді. Бұл сайтта ойнаушылар мен қызығушылық танытатын қолданушылар көптеп кездеседі. Онлайн жүйеге тоғызқұмалақ ойынының көшуі ойының дамуына жаңа лек берді деседі болады. Бұл тоғызқұмалақтың халықаралық деңгейге дейін кең таралуына жол ашты. Тоғызқұмалақ ойынының онлайн жүйеге көшуіне Ернар Шамбаевтың жасаған «Тоғызқұмалақ» мобильді қосымшасы зор үлесін тигізді. Техникалық құралдарда көптеген қиындықтардың орын алатындығы заңдылық, дегенмен, қиындықтарға қарамастан мобильді қосымша өз дамуын тоқтатқан емес. Оны мобильдік жүйеде ұйымдастырылып жүрген республикалық деңгейдегі турнирлер өткізілуінен байқауға болады.

PlayOk сервері көптеген халық арасында кең танымал үстел ойындарын ойнауға мүмкіндік беруде. Оны 2001 жылы поляк бағдарламашысы Марек Футрега құрастырған, басында ол «курник» деп аталған және тек поляк тілінде болған. Қазір таңда ол 30-дан астам тілге аударылып, кедергісіз жұмыс істейді. 2008 жылы Курниктің аты PlayOk болып өзгертілді. Ұлттық ойынымыз - тоғызқұмалақ ойыны аталған серверге 2020 жылы енгізілді.

Қазіргі уақытта серверде әлемнің түкпір-түкпірінен 1 миллионнан астам ойыншы тіркелген. Серверді әзірлеуші мұнымен тоқтап қалмай, үнемі жетілдірулер мен толықтырулар енгізуде. Сервердің үлкен артықшылығы - бұл ойынды тек арнайы браузердің көмегімен ғана емес, сонымен қатар мобильдік құрылғылар арқылы да ойнауға мүмкіндік беретіндігінде.

Негізгі артықшылықтары:

- жаңадан ойнаушыларды оңай және жылдам тіркеу;
- барлық ойындарға арналған егжей-тегжейлі статистика, соның ішінде барлығына қол жетімді хаттамалар;
- автоматты режимде өтетін өз турнирлерін құру мүмкіндігі;
- кез-келген ағымдағы ойынды бақылау, көре алу;
- ойыншылар арасында жалпы сөйлесуге мүмкіндіктің болуы;
- достар мен қарсыластар тізімдерін жүргізу;
- әр қарсыласпен жеңістер / жеңілістер статистикасы.


Ұлттық тоғызқұмалақ зияткерлік ойынының негізгі мақсат – міндеттері келесідей:

- ой-өрісті, дүниетанымды жетілдіру;
- есте сақтау, шығармашылық қабілетті дамыту;
- жеке дара ойлауды қалыптастыру.

Тоғызқұмалақты онлайн ойнаудың өзіндік артықшылықтары да бар екендігін ескеру қажет. Мәселен, құмалақтарды таратуға немесе құмалақтарды өз қазандығына салуға бұрынғыдай уақыт жоғалтпайды. Бар болғаны үстінен басу керек болды, ол автоматты түрде жұмысты өзі атқарады.

Тоғызқұмалақты онлайн ойнау ойыншыларға да көптеген жеңілдіктер береді. Мысалы, бірінші кезекте уақытты тиімді пайдалану және жарыс барысында барлық жүрістерді жазуға назар аудармау. Құмалақтарды бұрынғыдай қазаннан санаудың қажеттілігі де жоқ, яғни барлық қазанда құмалақ саны жазулы тұрады.

Тоғызқұмалақ ойынының мобильдік қосымшасы өте ыңғайлы құрал болып табылады. Онымен кез келген уақытта, кез келген жерде ойнауға мүмкіндік бар. Сонымен қатар, өз бетінше үйренем деп жаңадан бастап жүрген адамдарға таптырмас әдіс. Қосымшада барлық ережелер сақталған және қосымша көмегімен ойынды үйрену оңайға түседі. Төмендегі 1 суретте PlayOk платформасындағы тоғызқұмалақ ойын барысы көрсетілген.



1 сурет - PlayOk платформасындағы тоғызқұмалақ ойыны

Сондай-ақ, осы PlayOk платформасында тоғызқұмалақтан жарыстар өткізілуі карантиндік шаралар кезінде тиімді өз нәтижелерін көрсетті. Мысалы, 2020 жылдың қараша айында Назарбаев Зияткерлік мектептері арасында тоғызқұмалақтан желілік спартакиада ұйымдастырылып, ұлттық спорт жанкүйерлері өз қарсыластарымен онлайн форматта кездесті [2]. 2020 жылы 16 желтоқсанда Спорттық клуб Жастармен жұмыс жөніндегі орталықпен бірге Астана медицина университетінің қызметкерлері арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған онлайн тоғызқұмалақ турнирін ұйымдастырды [3]. Еліміздегі осындай спорттық шаралар тоғызқұмалақ ойынының танымалдылығын арттырап қана қоймай, ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді қайта жаңғыртуға өз септігін тигізетіндігі анық.

Мақала жазу барысында Igamecenter.com сайтындағы тоғызқұмалақ пен шахмат интеллектуалды ойындарының статистикасына зерттеу жүргізілді. Соңғы 1 апта, 1 ай және жалпы статистика зерттелді. Аталған сайт негізіндегі зерттеу нәтижесі төмендегідей:

1) Соңғы 1 аптадағы статистика бойынша тоғызқұмалақ ойынында 732 ойын ойналған екен. Ал, шахмат ойынында 20 партия ойналған;


2) Соңғы 1 айда тоғызқұмалақ ойыны 2661 рет ойналса, шахмат ойыны 98 рет ойналған;

3) Жалпы статистика бойынша тоғызқұмалақ 414431 рет ойналған және оны жалпы саны 26974 адам ойнаған. Ал, шахматты 3190 адамның 10630 партия ойнағандығын байқауға болады [4].

Статистикалық мәліметтерді қорытындылай келе, igamecenter.com сайтында тоғызқұмалақ ойнау белсенділігі өте жоғары екенін байқаймыз. Бұл - ұлттық зияткерлік

ойынымыздың осынша таңымалдылыққа ие болғандығының көрінісі, сонымен қатар, осыншалықты таралуы ұлттық мақсатыныш сезімін де оятады. Бірақ бұл шахмат ойынының белсенділігі төмен деген сөз емес, себебі, шахмат ойынында өзіндік жеке сайты бар екендігін ескеру қажет.

Пандемия уақытында тоғызқұмалақ ойынының бір орында тоқтап қалмай чемпионаттар мен жарыстардың өткізілуі жалғасын табуына және қарапайым қолданушылар тарапынан ойыншылар саны артуына, әсіресе шетелдік азаматтар да бұл ойын түріне қызығушылық таныта бастауына тоғызқұмалақ ойынын онлайн жүйеде ойнау сөзсіз өз ықпалын тигізді. Зерттеу барысында тоғызқұмалақтан Қарағанды құрама командасы спортшылары арасында "Тоғызқұмалақ ойынын онлайн ойнау жүйесіне көңіліңіз толады ма?" деген сауалнама жүргізілген болатынмын. Сауалнамада жауапты бес балдық жүйе бойынша бағалау ұсынылды, мұндағы 5 балл – «өте жақсы» толықтай көңілден шығады деген жауап нұсқасына сәйкес келеді.



1-диаграмма – Сауалнама нәтижесі

Диаграммада көрсетілген сауалнама нәтижесі бойынша тоғызқұмалақ спортшылары арасында тоғызқұмалақ ойынын онлайн ойнауға деген көзқарастың «жақсы», «орташа» деп бағаланғандығын аңғаруға болады. Бұл кей спортшылардың екі ұдай пікірде екенін көрсетеді. Себебі, кей ойыншылар жарыс атмосферасын сезіне отырып, бетпе-бет кезігіп ойнауды дұрыс деп санаса, ал кей ойыншыларға осылай онлайн режимдегі ойын қолайлылық тудыратындығын байқаймыз.

Қорыта айтқанда, ұлттық бірегей тоғызқұмалақ ойыны әлемдік пандемияға байланысты карантиндік шектеу шараларына қарамастан өзінің даму деңгейін тоқтатқан емес. Керісінше, онлайн мобильдік нұсқада бұрынғыдан да қарқынды дами бастағанын, таралым ауқымы кеңі түскенін байқауға болады. XXI ғасыр технологиялардың қарқынды дамыған ғасыры ретінде тоғызқұмалақ ойынын онлайн жүйеде әлемдік деңгейде ойнауға мүмкіндік күн өткен сайын артып келеді. Қазіргі таңда ол үшін барлық жағдайлар қарастырылғаны көңілді қуантады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. [https://ru.wikipedia.org // Влияние пандемии COVID-19 на спорт](https://ru.wikipedia.org//Влияние пандемии COVID-19 на спорт)
2. <https://egemen.kz/article/255317-toghyzqumalaqtan-onlayn-dgarys-otti>
3. https://www.amu.kz/kz/infocenter/news.php?ELEMENT_ID=44127

4. <http://www.iggamecenter.com>